

Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2016 - 2017 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 1-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2016 – 2017 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім б о й ы н ш а) :

1) Кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын;

2) жыл сайын 5 сәуірге және 5 қазанға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ж і б е р с і н .

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі жыл сайын 15 сәуірге және 15 қазанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

1 4

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 1 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингінің индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2016 – 2017 жылдарға арналған кешенді жоспары

| № р/с | Шара | Ұсынылатын іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|----------------------------------|------|-----------------------|---------------|------------|--------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. «Кәсіпорындар ашу» индикаторы | | | | | |
| | | | | | |

1

Заңды тұлғаны тіркеу кезеңінде банктік шот ашу және міндетті сақтандыруды тіркеу рәсімін автоматтандыру

Банктік шот ашуға және сақтандыру шартын жасасуға «электронды үкімет» веб-порталы мен уәкілетті орган арқылы өтініш берудің пилоттық жобасын енгізу

ҰЭМ-ге ақпарат

И Д М ,
Қаржымині,
ДСӘДМ,
Әділетмині, ҰБ
(келісім бойынша)

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|-----------------------------------|
| | | | | | жылғы наурыз |
| 2 | «Doing Business» рейтингінде Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, семинарлар және конференциялар өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | Әділетмині, Қаржымині, ДСӘДМ, ҰБ (келісім бойынша) | 2016 – 2017 жылдар, ай сайын |
| 2. «Меншікті тіркеу» индикаторы | | | | | |
| 3 | Жылжымайтын мүлікке ауыртпалықтар болмаған жағдайда нотариустың іс-қимылын нақтылау | «Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2016 жылғы ақпан |
| 4 | Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу мерзімін қысқарту | «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Әділетмині | 2016 жылдың бірінші жарты жылдығы |
| 5 | Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге қатысты мемлекеттік кепілдік ұсыну | жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге қатысты мемлекеттік кепілдік ұсыну туралы мәселені зерделеу | ҰЭМ-ге ақпарат | Әділетмині | 2016 жылғы ақпан |
| 6 | «Doing Business» рейтингінде Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, семинарлар және конференциялар өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | Әділетмині | 2016 – 2017 жылдар, ай сайын |
| 3 . «Келісімшарттарды орындау» индикаторы | | | | | |
| | Жауапкерге талап қою өтінішін электронды түрде : - арнайы жүйе арқылы | «Сот кабинеті» электрондық сервисін , оның ішінде | | | |

| | | | | | |
|----|---|--|------------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|
| 7 | немесе электрондық пошта арқылы; - факсимильді байланыс не мәтіндік хабарлама түрінде беру жүйесін жасау | жауапкерге хабарламаны жеткізу жүйесін пысықтау жолымен жаңғырту | ҰЭМ-ге ақпарат | ЖС (келісім бойынша) | 2016 жылдың екінші тоқсаны |
| 8 | Барлық деңгейдегі сот органдары шығарған коммерциялық істер бойынша сот шешімдерін интернет-ресурста ашық қолжетімділікте жариялау | Жоғарғы Соттың интернет-ресурсында Сот істері анықтамалығын жетілдіру. Ықтимал деперсонификация туралы мәселені қарай отырып, Жоғарғы Соттың интернет-ресурсында Істердің бірыңғай сыныптамасын іске асыру шеңберінде азаматтық істердің санаттары бойынша сот актілеріне қолжетімділік беру | ҰЭМ-ге ақпарат | ЖС (келісім бойынша) | 2016 жылдың екінші жарты жылдығы |
| 9 | Сот істерін қараудың маңызды кезеңдеріне қатысты сотта іс жүргізу мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамалық немесе нормативтік құқықтық актілерінің: 1) процестік құжаттарды беру; 2) іс бойынша сотта алғашқы тыңдау; 3) талап қою өтінішіне жауапкердің пікір беру; 4) дәлелдерді қарау кезеңінің аяқталу; 5) қорытынды сот шешімін шығару мерзімдерін айқындау | Жауапкердің талап қою өтінішін қайтаруға өтінім беру үшін процессуалдық мерзімді заңнамалық бекіту мәселелерін меңгеру | Әділетминіне ұсыныстар енгізу | ЖС (келісім бойынша), Әділетмині | 2016 жылғы желтоқсан |
| 10 | Мыналардың: 1) сот отырыстарындағы кейінге қалдырудың немесе үзілістердің; 2) сот отырыстарын тек күтпеген және төтенше жағдайлар бойынша кейінге қалдырулардың | Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу | Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы | ЖС (келісім бойынша) | 2016 жылдың |

| | | | | | |
|--------------------------------------|---|--|--|----------------------|---|
| | ең көп санын реттейтін Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы мерзімдерді анықтау | | | | бірінші жарты жылдығы |
| 11 | Жұмысының тиімділігін қадағалауға, соттағы істердің жылжуын бақылауға және белгіленген мерзімдердің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін , тиісті құзыреті бар сот жұмысының нәтижелері туралы мынадай есептерді (статистикалық): 1) істерді қараудың ұзақтығы туралы есепті ; 2) тіркелген істер санына шешім қабылданған сот істері санының қатынасы туралы есепті; 3) іс-жүргізудегі істердің қаралу ұзақтығы туралы есепті ; 4) нақты істің жылжуы туралы есепті ашық қолжетімділікте жариялау | Жоғарғы Соттың интернет-ресурсында азаматтық істерді қарау бойынша аудандық соттардың, оның ішінде мамандандырылған экономикалық соттардың қызметі туралы есептерді (статистика) жариялау | Жоғарғы Соттың интернет-ресурсындағы жарияланымдар | ЖС (келісім бойынша) | 2016 – 2017 жылдар, жарты жылда бір рет |
| 12 | «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, семинарлар және конференциялар өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | ЖС (келісім бойынша) | 2016 – 2017 жылдар, ай сайын |
| 4. «Кредиттер алу» индикаторы | | | | | |
| 13 | «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, семинарлар және конференциялар өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | ҰБ (келісім бойынша) | 2016 – 2017 жылдар, ай сайын |
| 5 . | « | | | | |
| Миноритарлық инвесторларды | | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|---|----------------------|---|
| қорғау» индикаторы | | | | | |
| 14 | Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі акционерлердің активтердің 51%-ын сатуды мақұлдауы қажеттігін заңнамалық деңгейде белгілеу | «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ҰБ (келісім бойынша) | 2016 жылдың бірінші жарты жылдығы |
| 15 | Әлеуетті сатып алушының 50 пайыз сатып алу кезінде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі барлық акционерлерге ресми коммерциялық ұсыныс жасауы тиіс екенін заңнамалық деңгейде белгілеу | «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ҰБ (келісім бойынша) | 2016 жылдың бірінші жарты жылдығы |
| 16 | «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның орын позициясын жақсарту бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, семинарлар және конференциялар өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | ҰБ (келісім бойынша) | 2016 – 2017 жылдар, ай сайын |
| 6. «Құрылысқа рұқсат алу» индикаторы | | | | | |
| 17 | Архитектура, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жаңалықтар бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізу | өңірлерде мүдделі ЖАО және кәсіпкерлік қауымдастықтар үшін өңірлік БАҚ-та жариялау арқылы пресс-турлар өткізу | БАҚ-та жариялау (өңірлік баспасөз және телевизия) | ҰЭМ | 2016 жылдың бірінші жарты жылдығы |
| 18 | «Құрылысқа рұқсат алу» индикаторының құрамына кіретін рәсімдерге мониторинг жүргізу | «Құрылысқа рұқсат алу» индикаторының құрамына кіретін рәсімдер бойынша ай сайынғы есеп беру туралы Алматы қаласының әкімдігіне сұрау салу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ | 2016 – 2017 жылдар, жарты жылда бір рет |
| 19 | «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша құқықтық | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ | 2016 – 2017 |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | түсіндіру жұмысын жүргізу | семинарлар және конференциялар өткізу | | | жылдар, ай сайын |
| 7. «Халықаралық сауда» индикаторы | | | | | |
| 20 | Сыртқы сауда саласындағы экспорттық-импорттық операциялар кезінде бірыңғай электронды терезені енгізу | ақпараттық жүйені енгізу | ҰЭМ-ге ақпарат | Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар | 2017 жылғы желтоқсан |
| 21 | Кедендік тазалауға арналған уақыт шығындарын қысқарту | тауарларды электронды декларациялау жүйесін енгізу | ҰЭМ-ге ақпарат | Қаржымині | 2017 жылғы маусым |
| 22 | «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, семинарлар және конференциялар өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҰЭМ, Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар | 2016 – 2017 жылдар, ай сайын |
| 8. «Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу» индикаторы | | | | | |
| 23 | Электр энергиясын тұтынушылардың электр энергиясы сапасына, оның жеткізілуіне, сондай-ақ, энергетика кәсіпорындарының электр желісіне қосылу бөлігінде электр энергетикасы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының мерзімдерінің және талаптарының сақталуына қанағаттануын айқындау | электр энергиясын тұтынушыларға сұрау салуды жіберу (шағын және орта бизнес өкілдеріне) | ҰЭМ-ге ақпарат | ЭМ, (аумақтық департаменттер), Алматы қаласының әкімдігі | 2016 – 2017 жылдар, жарты жылда бір рет |
| 24 | Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу бөлігінде электр энергиясы саласындағы | электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу бөлігінде электр энергиясы саласындағы ҚР заңнамасы талаптарының | ҰЭМ-ге ақпарат | ЭМ | 2016 – 2017 жылдар, |

| | | | | | |
|---|---|--|---|--|-----------------------------------|
| | ҚР заңнамасы талаптарының орындалуын бақылау | сақталуына талдау жүргізу | | | жарты жылда бір рет |
| 25 | Электр және жылу желілеріне қосылуға техникалық шарттарды беру талаптарын бұзу үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу | Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ЭМ | 2016 жылдың бірінші жарты жылдығы |
| 26 | «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, семинарлар және конференциялар өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | Энергетика министрлігі, (аумақтық департаменттер), Алматы қаласының әкімдігі | 2016 – 2017 жылдары, ай сайын |
| 9. «Төлем қабілетсіздігін шешу» индикаторы | | | | | |
| 27 | Кредиторлар санатын енгізу, кредиторлар санаты үшін жеке дауыс беруді және бір санатқа жатқызылған кредиторлар үшін бірыңғай режимді белгілеу мәселесін қарау | кредиторлар санатын енгізу, сондай-ақ кредиторлар санаты үшін жеке дауыс беруді және бір санатқа жатқызылған кредиторлар үшін бірыңғай режимді белгілеу бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу және ұсыныстар әзірлеу | ҰЭМ-ге ақпарат | Қаржымині | 2016 жылғы тамыз |
| 28 | Оңалту жоспарын мақұлдамаған кредиторларға жойылған кезде алуы мүмкін өтемақыға тең кепілдер беру мәселесін қарау | оңалту жоспарын мақұлдамаған кредиторларға жойылған кезде алуы мүмкін өтемақыға тең кепілдер беру жөніндегі халықаралық тәжірибені зерделеу ұсыныстар және әзірлеу | ҰЭМ-ге ақпарат | Қаржымині | 2016 жылғы тамыз |
| 29 | «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, семинарлар және конференциялар өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | Қаржымині | 2016 – 2017 жылдары, ай сайын |
| | | | | | |

| | | | | | |
|--|---|---|---------------------------|---|---|
| 10. «Салық салу» индикаторы | | | | | |
| 30 | Барлық ҚҚС төлеушілерінің Қазақстан Республикасында электронды шот-фактураларды жазуды жүзеге асыруы | шот-фактураларды тек электронды түрде жазу және алу кезінде Шот фактуралар реестрін ұсынуды жою | Қаржы министрінің бұйрығы | Қаржымині | 2017 жылғы шілде |
| 31 | Электронды аудиттің бейімделуін жүзеге асыру | тексерушілердің салық төлеушіде тікелей болу уақытын қысқарту | ҰЭМ-ге ақпарат | Қаржымині | 2017 жылғы қаңтар |
| 32 | Жалпы ұсынылған салық есептілігінің жалпы санындағы электронды түрде ұсынылатын салық есептілігі санының ұлғаюы | салық төлеушілерге салық есептілігі e-gov (электрондық үкімет) арқылы ұсынуға мүмкіндік беру | ҰЭМ-ге ақпарат | Қаржымині | 2016 жылғы тамыз |
| 33 | Тәуекелді басқарудың автоматтандырылған жүйесін құру | ең тәуекелді субъектілерге ғана тексерулерді тағайындау | ҰЭМ-ге ақпарат | Қаржымині | 2016 жылғы тамыз |
| 34 | Мемлекеттік кірістер органдары көрсететін қызметтерді жетілдіру бойынша қабылданатын шаралар туралы түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу | БАҚ-та сұхбат беру және мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар | 2016 – 2017 жылдар, жарты жылда бір рет |
| 35 | «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, семинарлар және конференциялар өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар | 2016 – 2017 жылдары, ай сайын |
| 11. «Қызметкердің құқықтарын қорғау» индикаторы | | | | | |
| | | Қазақстан Республикасының жаңа Еңбек кодексінің ережелерін ескере отырып, жұмысшылардың құқықтарын қорғау | ҰЭМ-ге ақпарат | ДСӘДМ | 2016 – 2017 жылдар, |

| | | | | | |
|----|---|--|----------------|-------|---|
| | | мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу | | | жарты жылда бір рет |
| 36 | Жұмыс берушінің және жұмыскерлердің еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша ақпараттандырылуын жоғарылату | Қазақстан Республикасының жаңа Еңбек кодексінің ережелерін бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет- ресурста жариялау | ҰЭМ-ге ақпарат | ДСӘДМ | 2016 – 2017 жылдар, жарты жылда бір рет |
| | | салалық және өңірлік деңгейде үш жақты комиссиялардың отырыстарын, әлеуметтік серіктестіктердің қатысуымен еңбек заңнамасы мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | ДСӘДМ | 2016 – 2017 жылдар, тоқсан сайын |
| 37 | «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның ұстанымын жақсарту бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу | БАҚ-та сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, семинарлар және конференциялар өткізу | ҰЭМ-ге ақпарат | ДСӘДМ | 2016 – 2017 жылдар, ай сайын |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖС – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты;
 ИДМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және даму министрлігі;
 ДСӘДМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі;

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;

ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;

ЭМ – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі;

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары;

ҚҚС – қосымша құн салығы.